

## ШІКІР

### **«Төтенше ахуал кезінде экономикалық, әлеуметтік құқықтарды жүзеге асыру мәселелері (COVID-19 пандемиясы тәжірибесінде)» тақырыбындағы докторант З.Н. Аманжолованың диссертациялық жұмысына**

М.С. Нәрікбаев атындағы Университетінің докторанты З.Н. Аманжолованың зерттеу жұмысы COVID-19 пандемиясы аясында жарияланған төтенше ахуал кезіндегі азаматтардың экономикалық және әлеуметтік құқықтарын жүзеге асыру мәселелеріне арналған. Пандемия салдарынан мемлекет «Төтенше жағдай туралы» және «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сүйене отырып, бұрын-соңды болмаған шектеу шараларын қабылдады. Мұндай режимде азаматтық, әлеуметтік және экономикалық құқықтардың шектелуі, кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне ықпал ету, білім мен денсаулық сақтау салаларын құқықтық тұрғыда реттеу мәселелері өзекті болғаны анықталды. Аталған тақырыптың өзектілігі төтенше ахуал режимін енгізу үдерісінде заңнамадағы терминологиялық сәйкессіздіктер мен құқық қолдану тетіктеріндегі олқылықтардың айқындалуымен де дәйектеледі.

Зерттеу нысаны төтенше ахуал кезінде туындайтын экономикалық және әлеуметтік қатынастар бола отырып, жұмыста азаматтық айналымдағы еңсерілмейтін/тойтарылмайтын күш ұғымының қолдану ерекшеліктері, еңбек және отбасы құқығындағы шектеулер, цифрлық құралдардың рөлі жан-жақты қарастырылған. Көздеген мақсат – пандемия жағдайындағы шектеулер аясында азаматтардың құқықтарын іс жүзінде қорғау деңгейінің жеткіліксіз болғанын саралау және аталмыш мәселелер бойынша ұлттық заңнаманы жетілдіру үшін нақты ұсыныстар құрастыру. Автор заңнамаларды құқықтық талдаулардан бөлек халықаралық тәжірибеге, сот практикасына, медициналық және құқықтық әдебиеттерге сүйеніп, болжамдар мен тұжырымдарын эмпирикалық деректермен де негіздейді.

Жұмыста жалпы ғылыми және арнайы әдістер пайдаланылды. Зерттеу базасы ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Төтенше жағдай туралы» Заңы, «Азаматтық қорғау туралы» Заңы, халықаралық құқықтық актілер, ғылыми мақалалар мен сот істерінің материалдары алынған. Диссертация кіріспеден, негізгі талдау бөлімдерінен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан құралған. Негізгі талдау бөлігінде төтенше ахуал режимінің құқықтық табиғаты және әлеуметтік-экономикалық құқықтарға тигізген шектеулері

қарастырылып, анықталған олқылықтар мен коллизияларды шешуге арналған заңнамалық ұсыныстар берілді.

Зерттеудің нәтижелері мен жаңалығы автордың «төтенше жағдай» мен «төтенше ахуал» ұғымдарының заңнамалық коллизиясын нақты айқындауына және «әлеуметтік-биологиялық сипаттағы төтенше жағдай» ұғымын енгізу бастамасына негізделген. Бұған қоса медицина қызметкерлері үшін COVID-19 жұқпалы ауруын кәсіптік ауруға жатқызу қажеттігі мен еңсерілмейтін/тойтарылмайтын күш жағдайларын екі топқа (нақты және заңды тұрғыда мүмкін еместік) бөлу ұсынысы да ерекше жаңалыққа жатады. Бұл ұсыныстардың азаматтық, кәсіпкерлік және еңбек қатынастарындағы тиімділігі зор, себебі төтенше ахуал режимі жарияланған сәтте шаруашылық айналымда келтірілген залалдар мен әлеуметтік құқықтарды қорғау мәселелері біртұтас реттеледі.

Жұмыс барысында төтенше ахуалдың жариялану кезеңінде цифрлық құралдардың және қашықтан жұмыс істеу тәсілдерінің рөлі қарастырылып, «Байланыс туралы» заңдағы шектеу шараларын қайта құрастыру қажеттігі талданған. Автор әлеуметтік және экономикалық құқықтарға қатысты нақты тәжірибелік мысалдар келтірген. Зерттеудің басты артықшылығы – ғылыми-теориялық бөлім мен қолданбалы ұсыныстардың өзара үйлесімді болуы; ұлттық заңнамаға өзгерістер енгізуге негіз боларлықтай айқын дәйектер келтірілген.

Жалпы алғанда, З.Н. Аманжолованың «Төтенше ахуал кезінде экономикалық, әлеуметтік құқықтарды жүзеге асыру мәселелері (COVID-19 пандемиясы тәжірибесінде)» атты диссертациялық жұмысы ғылыми талаптарға сай орындалған, теориялық тұрғыда дәйекті және тәжірибелік тұрғыда құндылығы жоғары іргелі ғылыми еңбек деп бағаланады. Автор ұлттық заңнаманы жетілдіру мақсатындағы нақты ұсыныстарын негізді деректермен толықтырған. Бұл еңбек 6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келетіндіктен, қорғауға ұсынуға әбден лайық деп санаймын.

**Пікір беруші:** заң ғылымдарының докторы, профессор С. К. Идрышева  
«27 ақпан 2025 жыл  
(қолы)

